

Кокшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**9-12 наурыз аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының
ТАЛДАМАСЫ**

12 наурыз

Апталық жоспарға сәйкес 09-12 наурыз аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, уақытылы электронды журналға жүктелуі мен бекітілуі бақыланды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері, денсаулығына байланысты анықтамалар бойынша есеп алынды.
4. Кесте бойынша 7-11-сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстары уақытылы жүргізіліп, әкімшілік тарапынан бақыланды.
5. 15 жастағы білім алушылардың PISA-2022 халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасының емтиханына дайындық жұмыстары аясында 12 наурыз сынама емтихан алынды.
6. Облыстық пәндер олимпиадасына оқушылардың дайындығы қадағаланды.
7. Алта бойы облыстық М. Мақатаев оқуларына, «Абайтапу» республикалық олимпиадаға, облыстық юниор олимпиадасына дайындық жұмыстары жүргізілді.
8. «Қемелгер» мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ташмағанбетова Ляззат Нигметжаповна «Н.Гоголь «Шинель» тақырыбында 10 «А» сыныбында шебер-сынып өткізді. Сабақ барысында оқушылар топқа бөлініп, сабақтың мақсатына сай шығармашылық тапсырмаларды орындады: дәйексөздің мағынасын анықтап, Н. Гогольдің өмірбаяны бойынша әдеби хронограф жасады, «Шинель» шығармасының тарихы жөнінде кластер құрастырды, шығарма бойынша цитаталық жоспар, лексикалық талдау, 3 жол өлең құрастыру сияқты практикалық жұмыстарды орындады. Жаңа сабақты бекітуде оқушылардан шығарма бойынша тест алынып формативтік бағалау жүргізілді. Сабақтың соңында рефлексия өткізілді.
9. «Шабыт» мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Даулетқалиева Толқын Болатбековна «М.Мақатаев «Ақсулар ұйықтағанда» тақырыбында 8 «Б» сыныбында шебер-

сынып өткізді. Оқу материалын зерделеуді ұйымдастыру кезінде мұғалім әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданды: «1 минут» әдісі бойынша «Kafoot» бағдарламасы арқылы үй тапсырмасын тексерді. «Кезбе тілші» әдісі арқылы оқушыларды 3 топқа бөліп шығарма бойынша жұмыс жүргізді: 1-топ - Телестудиядағы диктор : оқиға туралы жиынтық ақпарат берді, 2-топ -Тілші: оқиға орнынан ақпарат ұсынды, 3-топ -Тілші: куәгерден сұхбат алды. Сабақта кері байланыс Wordwall бағдарламасында «Ғажайып алаң» ойыны арқылы ұйымдастырылды. Сабақ мақсатына сай өткізілді.

10. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курс сабақтарының өтуі қалағаланды.